



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІ ТҮРКИЯҒА РЕСМИ САПАРМЕН БАРДЫ



Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі авиация генерал-лейтенанты Дәурен Қосанов Түркия Республикасына ресми сапармен барып, бірқатар кездесулер өткізді. Министр әскери объектілерді, оқу мекемелерін және қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің кәсіпорындарын аралады.

Сапар «Анытқабыр» мемориалдық кешеніндегі Мұстафа Кемал Ататүрік ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімінен басталды.

Осыдан кейін Қазақстан қорғаныс ведомствосының басшысы мен Түркияның

Ұлттық қорғаныс министрі Яшар Гүлер арасында келіссөздер өтті. Тараптар өзара мүдделі салалардағы екіжақты ынтымақтастықтың қазіргі ахуалы мен даму перспективаларын талқылады.

Бұдан өзге, Түркия Қарулы күштері Бас штабының

бастығымен де кездесу өтті.

Екі елдің қорғаныс ведомстволары арасындағы әскери ғылым, білім, жауынгерлік даярлық және әскери-техникалық саладағы өзара іс-қимыл әскери ынтымақтастық туралы екіжақты келісім негізінде жүзеге асырылып келеді.

«Бірлігіміз жарасқан» конкурсындағы табысты өнер

Астанада Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік филармонияның сахнасында Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған «Бірлігіміз жарасқан» республикалық балалар және жастар шығармашылығы фестивалі өтті.

Шығармашылық сайыс хореография, вокал, халықтық, классикалық аспаптар сияқты өнер түрлері және мобилография бойынша ұйымдастырылды. Іс-шараға 25 би ұжымы қатысты, олардың ішінде «Жас сарбаз» шығармашылық студиясының тәрбиеленушілері ерекшеленді. Студияның үлкен тобы «Заманауи би» номинациясында «Маэстро» композициясын орындап, бірінші орынды иеленді.

– Біздің балалардың табандылығы мен еңбегі тамаша нәтиже бергеніне қуаныштымыз. Құзыретті қазылар алқасы нөміріміздің көркемдік деңгейін және сахналық шешімін жоғары бағалады, – деді балалар студиясының жетекшісі,

«Маэстро» композициясының қоюшысы лейтенант Альмира Асылбекова.

Орта топтың бишілері де өздерінің эмоцияға толы әрі энергиялы өнерімен көрермендердің жүрегін жаулап алды. Олар хореограф Жанна Ерғалиева қойған «Мектептегі бүлік» биін орындады.

Сондай-ақ хореограф Ержан Құдайбергенов дайындаған кіші топтың бүлдіршіндері де сенімді өнер көрсетті. Олардың әсерлі әрі көңілді «Қуанышты пингвиндер» композициясы көрермендер мен қазылар алқасының көңілін көтерді.

Нәтижесінде «Жас сарбаз» шығармашылық студиясының орта және кіші топтарының тәрбиеленушілері екінші орынға ие болды.



БҮЛ НОМЕРДЕ:

♦ ТҮЛҒА

АЛАШ АСПАНЫНЫҢ АҚСҰҢҚАРЫ



4-бет

♦ ВОЕННАЯ НАУКА



НА СТРАЖЕ ВОЕННОЙ МЫСЛИ

6-7 стр.



♦ ВОИНСКИЙ ДОЛГ
В СТРОЮ БОЕВОГО БРАТСТВА

9 стр.

♦ ИРІМ

«ЖАС САРБАЗ» АНДЕР
ФЕСТИВАЛІНІҢ ОҒЫСТЫҚ КЕЗЕҢІ



12-бет





В ФОКУСЕ ВНИМАНИЯ

В ходе рабочей поездки в Актауский гарнизон заместитель министра обороны по воспитательной и идеологической работе вице-адмирал Серик Бурамбаев провел ряд мероприятий, направленных на повышение эффективности военного управления, укрепление дисциплины и улучшение условий службы военнослужащих.

В культурно-досуговом центре бригады морской пехоты вице-адмирал Бурамбаев встретился с офицерами и сержантами всех воинских частей Актауского гарнизона.

В мероприятии также приняли участие командующий войсками Регионального командования «Запад» генерал-майор Бауыржан Артыков, военный прокурор Актауского гарнизона майор юстиции Саян Акиров, сотрудники «Отбасы банка» и командиры воинских частей.

На встрече обсудили вопросы социальной поддержки, содержания жилищных программ, качества военной инфраструктуры, перспективы профессионального роста личного состава, а также вопросы повышения финансовой грамотности в рамках проекта «Қарыссыз қоғам».

В Актау вице-адмирал Серик Бурамбаев также посетил Департамент по делам обороны Мангистауской области. На месте он проверил



ход призывной кампании, ознакомился с организацией работы комиссии, побеседовал с военнослужащими и призывниками.

В г. Жанаозене он побывал в отдельной радиолокационной

роте противовоздушной обороны, где изучил бытовые условия военнослужащих. Замминистра посетил казарму, столовую, учебные классы, а также пообщался с солдатами срочной службы. Особое

внимание он уделил вопросам технического оснащения подразделения, уровню подготовки личного состава и обеспечению условий для полноценного несения службы.

НА ПЕРЕДОВОЙ ФИЗИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ

На базе Военно-спортивного колледжа имени Героя Советского Союза Бауыржана Момышулы завершился учебно-методический сбор начальников физической подготовки и спорта Вооруженных Сил Казахстана.

В мероприятии участвовали более 50 специалистов, отвечающих за организацию физической подготовки в войсках.

Программа сбора была насыщенной: методические занятия по легкой атлетике, рукопашному бою, утренней зарядке, вопросам спортивной работы. Участники также изучали зарубежный опыт и проходили контрольные испытания – теоретические, методические и практические.

Церемония награждения прошла под руководством председателя Спортивного комитета Министерства обороны полковника Армана Абеуова. В своем выступлении он подчеркнул, что профессиональная работа



инструкторов напрямую влияет на боеготовность подразделений и развитие спортивных традиций армии.

По итогам испытаний лучшим специалистом физической подготовки Вооруженных

Сил признан майор Дархан Кесікбаев из Военного института Сил воздушной обороны. Второе место занял офицер Регионального командования «Юг» лейтенант Бектөре Назашов, третье – представитель Регионального командования «Восток» майор Ақылбек Сабитов.

В рамках XXII Спартакиады Вооруженных Сил лучшим спортсменом среди мужчин признан Бекнур Нурахунов, среди женщин – Елена Леонова. Победителям вручены спортивные часы, рюкзаки и грамоты.

За высокий вклад в подготовку личного состава спортивными часами награжден начальник физической подготовки Десантно-штурмовых войск майор Марат Агамбаев.

ПОКОРЯЯ СЕРДЦА

Благодаря таланту, силе духа, упорству и стремлению к новым вершинам солистка творческой студии «Жас сарбаз» Жасмина Тузелова вышла в финал 12-го сезона российского шоу «Голос. Дети».

Свой путь в проекте она начала со слепых прослушиваний. Исполнив первую композицию, она привлекла внимание всех наставников.

– Представлять Казахстан на большой сцене для меня большая честь. Каждую песню я исполняю сердцем и хочу, чтобы люди чувствовали мою любовь к Родине, – сказала юная певица.

12-летняя алматинка Жасмина Тузелова родилась в семье ветерана Афганской войны Муратбека Утеева. Вокалом начала заниматься с пяти лет. Несмотря на возраст, у Жасмины есть впечатляющие достижения.

В восемь лет она завоевала Гран-при национального конкурса «Бала дауысы». В 2023 году Жасмина блестяще выступила в финале международного фестиваля «Детская Новая волна». А в 2025 году вместе с коллективом Центрального военного оркестра и Центрального ансамбля приняла участие в XVII Международном военно-

музыкальном фестивале «Спасская башня», посвященном 80-летию Великой Победы.

На Красной площади она исполнила легендарную песню «Әлия», покорила зрителей своей энергетикой и искренностью.

– Жасмина с малых лет увлекается творчеством. Каждая ее победа – результат большого труда. Мы счастливы, что наша дочь вдохновляет других детей и учит их верить в себя, – с теплотой отзывалась о дочери мама Гульзия Утеева.

В минувшее воскресенье в международном аэропорту столицы руководство детско-юношеского движения «Жас сарбаз», музыканты Центрального оркестра Национального военно-патриотического центра Вооруженных Сил РК и родные торжественно проводили казахстанскую звездочку Жасмину Тузелову на конкурс в Москву. Провожавшие пожелали ей отличного настроения и творческой удачи.



ҚОРҒАНЫС САЛАСЫНДАҒЫ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ

Астанадағы қалалық жинақтау пунктінде «Smart военкомат» жобасын және әскери есеп пен әскерге шақыру үдерістеріне енгізіліп жатқан цифрлық технологияларды таныстыру мақсатында баспасөз туры ұйымдастырылды. Журналистерге ҚР Қорғаныс министрлігі жүзеге асырып жатқан цифрландыру жобаларының нәтижелері, нақтырақ айтқанда әскери есеп жүйесін автоматтандыру, әскерге шақыру туралы бұйрықтардың электронды форматта рәсімделуі, мемлекеттік дерекқорлармен интеграция мүмкіндіктері және медициналық куәландырудың жаңа «е-Медосмотр» ақпараттық жүйесінің жұмысы таныстырылды.

«SMART ВОЕНКОМАТ» ЖӘНЕ «Е-МЕДОСМОТР» ЖОБАЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Біріншіден, бұған дейінгі жылдары жастарды әскерге шақыру ісі күрделі науқаннан басталатын. Жаңа жылдың қаңтар, ақпан және наурыз айларында жасы 17-ге толған бозбалаларды әскерге шақыру пунктеріне тіркеуге алу, яғни тіркелетін азаматтарды көлікпен күнделікті алып келу, күн сайын 50 адамның орнына 100-120 адамның жеке ісін дайындау, оларды дәрігерлік комиссиядан өткізу, әскерге шақыру пунктеріне тіркелгені туралы куәлік толтырып беру секілді жұмыс жүктеледі. Ол үшін жеке құрам толығымен ерекше режимге көшіріліп, қаңтар, ақпан және наурыз айларында еңбек демалысына шығу мүлдем мүмкін емес еді. Оған қоса наурыз айында әскерге шақыру пунктіне тіркеу жұмыстары да әскерге шақыру жұмыстарымен қабаттасып жататын.

Қазір азаматтарды тіркеуге алу жыл он екі ай бойы жүргізіледі әрі жеке құрамға еш салмақ түсірмейді. Жүйе азаматтардың жасы 17-ге толған күні олардың жеке ісін өзі құрап, өзі жасайды, әскери есепке де өзі қояды.

Екіншіден, жүйе есепте тұрған әскерге шақырылатын және әскерге шақырылмайтын азаматтарды өзі бөледі. Шақырылмайтын азаматтардың жеке істері мен тізімдерін жүйе оқу орындарының күндізгі оқу бөліміндегі студенттер, отбасылы және балалы азаматтар, жұмыс істейтін кәсіби педагогтар бойынша өзі бөледі. Ал, екінші бөлігіндегі әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ азаматтарға СМС шақыру хабарламасы жіберіледі.

Үшіншіден, мерзімді әскери қызметке шақырылатын азаматтарға СМС шақыру

хабарламасын жіберу жұмысты түбегейлі оңтайландырды. Мәселен, бұған дейін азаматтарға шақыру қағазын қолына тапсыру үшін олардың тұрғылықты мекенжайына бару керек болатын еді. Ол үшін қаншама уақыт кететін, транспорт пен жанар-жағармай жұмсалатын. Мысалы, Астана қаласындағы статистика бойынша әскерге шақыру қағазын беру үшін барған он мекенжайдан тек екі-үш азамат қана табылатын. Қалғандарының ол мекенжайда мүлдем тұрмайтыны немесе ұзақ уақытқа сапарға, вахталық жұмысқа кетіп қалғаны анықталады. Нәтижесінде хабарландыру жұмыстарының



75-85 %-і бос шығынға әкеп соқтыратын. Қазіргі уақытта жүйе СМС хабарландыруды азаматқа сол сәтте жеткізеді.

Төртіншіден, бұрын дәрігерлік комиссиядан өтудің өзі шақыру пунктіне келу, жеке ісін картотекадан табу, анализге жолдама алу, анализ нәтижелерін алып келу және оларды жеке іске салу, тігу, дәрігерлік комиссиядан өту сияқты бірнеше кезеңнен тұратын. Қазір жүйе комиссияға шақырумен қоса азаматты анализдерін тапсырып келуге бірден бағыттайды. Анализ нәтижелері бірден «Е-медосмотр» жүйесі бойынша



әр дәрігердің компьютер экранына шығарылады.

Бесіншіден, бұрын мекенжайын алысқа ауыстырған азаматтардың жеке істерін арнайы почта арқылы басқа облыс пен аудандарға жіберу үшін почталық қызметтерге жылына 1 миллион теңгеге жуық қаражат жұмсалатын. Енді азаматтардың мекенжайын ауыстыру үшін қорғаныс істері басқармаларына келіп, жазбаша өтініш білдірудің қажеті жоқ. Жеке ісі мен қажетті мәліметтер жүйенің ішінде электронды түрде бар.

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖОБАЛАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қорғаныс министрінің цифрландыру жөніндегі орынбасары Дархан Ахмедиев журналистер мен блогерлерге «Smart военкомат» жобасының және медициналық куәландырудың жаңа «е-Медосмотр» ақпараттық жүйесінің негізгі артықшылықтары мен мүмкіндіктері туралы ақпарат берді. Әскери есепке алу және мерзімді әскери қызметке шақыру жүйесіне ақпараттық технологияларды енгізудің нәтижесінде процестерді оңтайландыру әрі азаматтарға қызмет көрсету сапасын арттырудың мүмкіндігі пайда болғаны айтылды. «Интеграциялық шлюз автоматтандырылған жұмылдыру ресурстарын есепке алу» ақпараттық жүйесі арқылы жеке әскери есепке алу жүргізіледі және мемлекеттік органдар арасындағы дерек алмасу жеделдетіледі. Бұл ретте «е-Медосмотр» жүйесінің де айтарлықтай артықшылықтары бар. Осы жүйе медициналық тексеруден өту үдерісін автоматтандырады, яғни азаматтардың әскери қызметке шақырылуына дейінгі кезеңді толық цифрландырылған түрде өткізеді», деді Қорғаныс министрінің орынбасары.

Қалалық жинақтау пунктінде ҚР ҚК Бас штабының ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаментінің аға офицері майор Ерман Иманғалиев, «Digital Med 365 Limited» директоры Сергей Остапюк, Астана қаласы қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы полковник Фархат

Құрманғажинов, Астана қаласы қорғаныс істері жөніндегі департаментінің ресми өкілі полковник Ғани Артықов «Smart военкомат» жобасы мен медициналық куәландырудың жаңа «е-Медосмотр» ақпараттық жүйесінің жұмысын жан-жақты таныстырды. Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаменті бастығының орынбасары полковник Арман Сарин «Smart военкомат» жобасы бірнеше жылдық жұмыстың нәтижесі екенін атап өтті. «Интеграциялық шлюз автоматтандырылған жұмылдыру ресурстарын есепке алу» және «е-Медосмотр» ақпараттық жүйелерінің интерфейстерін де көрсетті. Баспасөз турына қатысушылар дәрігерлер мен Астана қаласының қорғаныс істері жөніндегі департаменті қызметкерлерінің жұмысымен жақынырақ танысты. Бұған қоса, «е-Медосмотр» ақпараттық жүйесінің жетістіктеріне көз жеткізді. Денсаулық сақтау министрлігінің деректер базаларымен тікелей интеграция жасау арқылы шақыруға жататын азаматтардың денсаулығы туралы ақпарат жедел түрде алынуы мүмкін. Бұл медициналық тексеруден өту процесін жылдамдатады. «е-Медосмотр» жүйесі шақырылушылардың цифрлық медициналық картасын калыптастырады, сондай-ақ, 100-ден астам медициналық параметр бойынша деректерді алуға мүмкіндік береді. Полковник Арман Сариннің айтуынша, «е-Медосмотр» жүйесін тестілеу Астана мен Шымкент қалаларында және Қарағанды облысының Абай қаласында сәтті өткен.

Алуа СӘКЕНҚЫЗЫ
Суреттерді түсірген автор



АЛАШ АСПАНЫНЫҢ АҚСҰҢҚАРЫ

«Ежелден ер тілегі – ел тілегі. Адал ұл ер боп туса – ел тірегі»

Бауыржан Момышұлы

Мектепте оқитын кезім. Сегізінші сыныпта жүргенімде ата-анам үйге компьютер сатып алды. Сабағымды дайындап болған соң, бір сәт бұған дейін мен үшін «қолжетпес» болған осы «сиқырлы жәшікке» үңілемін. Мені «Call of duty» дейтін Ұлы Отан соғысы туралы, ХҮІ-ХҮІІІ ғасырлардағы соғысты қамтитын «Казакки» және Вьетнамдағы соғыстар барысын қамтитын «Batte Field Vietnam» ойындары қатты қызықтырды.

Бұл ойындарды ойнау арқылы ішкі түйсігіммен Әсери соғыс тактикаларына, қару-жарақтар мен әскери киім үлгісіне деген қызығушылығым артты. Сөйтіп, әлем тарихындағы ірілі-ұстақ соғыс өрттерінің тұтану себептеріне, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас пен олардың сол кезеңдердегі әскери әлеуеті, армиясының саны мен сапасы, киім-кешекпен, қару-жарақпен қамтылуы, әскери қолбасшыларының қарым-қабілеті секілді басқа да факторларға деген қызығушылығым артты. Ойымдағы мың сан сұрақтарға жауап іздеп, тарихи деректі

фильмдерге, кітаптарға үңілдім, мұның соңы елеміздегі әскери сала мен оның тарихына көңілімді аударды. «Іздегенге – сұраған» демекші, мектеп кітапханасынан ескі әскери журналдарды таптым, олардың ішіндегі әскери техникалардың фотоларына сұқтана қарап, олар туралы мәліметтер мен ақпараттар ала бастадым. Бір журналдағы С-125 пен С-75 зениттік зымырандық кешендер аспан әлемін қорғаудың қыр-сырына қанықтырды. Осылайша, әскери техникаға деген сүйіспеншілігім орта мектепті бітірген соң әскери мамандықты тандауыма түрткі болды. 2008-2013 жылдары

Ресейдегі К.Г.Жуков атындағы әуе және ғарыш қорғанысы әскери Академиясының курсанты болып, толыққанды әскери маман атандым.

Халқымыздың есімі әлемге белгілі әскери қолбасшысы, даңқты стратег, Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлы: «Әскери қызмет дегеніміз – дені сау әрбір азаматтың асыл парызы, ардақты борышы» дегеніндей, азаматтық борышымызды атқарып жүргендіктен алдыңғы толқынның жүрген жолына, еткен еңбегіне қарап бой түзейміз, ой түзейміз. Бұл сөзімнің дәлелі, әскери салаға, соғыс тактикасына деген қызығушылығым қазақ халқының Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық соғысындағы Орбұлақ шайқасына, ҚР Қарулы Күштеріне, Мәскеуді қорғаған 28-гвардияшы-панфиловшылар ерлігіне, Ауған соғысындағы қазақтың «қара майорына», С-75 зениттік зымырандық кешенге арналған Вьетнамдағы соғысқа және басқа да бірнеше тарихи оқиғаларға қатысты жасаған сегіз диорамаларым бар. Бұлардың бәрі шығармашылық ізденіс, тарихи шындық пен нақты фактілер мен еңбектің нәтижесінде дүниеге келді. Кейбіреулер үшін бір қарағанда ойыншық секілді болып көрінгенімен, әрбір диораманың өз айтары, көтерген жүгі мен салмағы бар. Бір ғана мысал, Вьетнамдағы соғыс туралы диораманың



жасалуына осы соғыста америкалық ұшақтарға қарсы әлемде бірінші рет зениттік зымырандық қондырғылар қолданылғандығы себеп болды. Бұл диораманы жасау жолында көп іздендім, әсіресе әскери Академияда бірге оқыған вьетнамдық офицерлермен кеңестім. Сол секілді ҚР Қарулы Күштерінің 30 жылдығына орай қазақ армиясының айбынын асқақтаттым. Мұның бәрін жастарға патриоттық тәрбие беруде, әскери саланың қарым-қабілеті мен беделін көтеру барысындағы қызметімде көрнекі құрал ретінде қолданамын.

Айтайын дегенім, мен оқыған оқу орнында «Генералдар аллеясы» бар, онда академия қабырғасынан түлеп ұшып, генерал атанған марғаскалардың фотолары мен аты-жөндері жазылған. Елден жырақ жүрген мен үшін олардың арасында қазақ генералы, 1982 жылы осы Академияның Әскери командалық тыңдаушысы болған Мұхтар Алтынбаевтың жарқ ете қалуы қатты әсер етті, көңілімді мақтаныш сезімі биледі.

Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ армиясының айбынын асқақтау жолында тер төккен, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қалыптасып, өзге мемлекеттермен терезесі тең болуына бір адамдай еңбек

сіңірген Армия генералы Мұхтар Алтынбаевтың есімі өскелең ұрпақ үшін, оның ішінде мен үшін үлгі-өнеге. Ол жетілдірілген соңғы МиГ және Су секілді истребительдердің қазіргі заманғы барлық түрлерін толыққанды меңгерген және АҚШ авиациялық базасында атақты америкалық F-16 жойғыш ұшағымен ұшу өнерін әлем алдында паш еткен тұңғыш ұшқыш және әр жылдары еліміздің Әскери-әуе күштерінің қолбасшысы болған жан.

Аға буын мен жас ұрпақтың Отан қорғау жолындағы алтын көпірі бола білген, өскелең ұрпақтың бойына отансүйгіштік сезім қалыптастыруда, сонымен қатар білімі мен білігін егемен еліміздің қорғаныс қуатының нығаюына, Алаш аспанының беріктігін бекемдеуге еңбек сіңірген Халық қаһарманы, Армия генералы, Алаш аспанының ақсұңқары Мұхтар Қапашұлы Алтынбаев биыл 80 жастың сеңгіріне шығады. Олай болса, осы мерейтойымен шын жүректен құттықтап, деңіне саулық тілеуді жөн көрдім.

Майор
Рамазан БАХТИЯРОВ,
№44803 әскери бөлімінің
С-300 зымырандық-зениттік
дивизионы командирінің
тәрбие және идеологиялық
жұмыстары жөніндегі
орынбасары, педагогика және
психология ғылымдарының
магистрі



ЕЛЕУЛІ ДАТАҒА АРНАЛҒАН ЕРЛІК САБАҒЫ

Приозерск гарнизонындағы Қарулы Күштер ардагерлері ұйымының төрағасы Тілек Кенжебековтың жетекшілігімен Халық қаһарманы, Армия генералы Мұхтар Алтынбаевтың туғанына 80 жыл толу қарсаңына арнайы ерлік сабағы ұйымдастырылып өткізілді.

Аталған іс-шараға жақында ғана әскер қатарына шақырылып бой түзеген 06708 әскери бөлімінің жас сарбаздары тартылды. Алдымен, Армия генералы Мұхтар Қапашұлының өмірі мен еңбек жолы аталып өтіп, еліміздің қорғаныс саласындағы атқарған қызметі баяндалды. Жетекші, ардагер аға Тілек Алшымбекұлы егеменді ел армиясының дамуы жолындағы М.Қ.Алтынбаевтың қызметіне жоғары баға беріп, бүгінгі күнде де талмай "Қарулы Күштер ардагерлері" Республикалық қоғамдық бірлестігіне төрағасы болып еңбек етіп жүргенін жас сарбаздарға тебірене жеткізді.

Осындай ардақты ағалардың өмірі мен еңбек жолынан үлгі алған сарбаздардың Отан алдындағы борыштарын өтеу жолындағы әскери қызметте адал боларына сенімдіміз!

Думан ЖҰМАШҰЛЫ





ӘСКЕРИ ОРТА МАҚСАТЫМДЫ АЙҚЫНДАП БЕРДІ

Мен ефрейтор Қанат Шыңғысхан, Қорғаныс министрлігіне қарасты Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының күзет ротасында мерзімді әскери қызметімді өтеп келемін.

Алғаш келген кездері мен үшін бәрі жаңа, бейтаныс еді. Мұндағы қатаң тәртіп, ерте тұру, саптық дайындық, тапсырмалар мен жаттығулар — барлығы мені шыңдады, төзімділік пен жауапкершілікке үйретті.

Уақыт өте келе мен түсінгенім, бұл жай ғана міндет емес, бұл — нағыз өмір мектебі. Дәл осы жерде мен өзімді таныдым. Әскер маған ерік-жігердің, бірліктің және Отан

алдындағы адалдықтың мәнін ұқтырды. Әр күн сайын мен әскери өмірдің маңызын терең сезініп, осы жолдың менікі екенін түсіне бастадым.

Сондықтан мерзімді әскери қызметімді аяқтаған соң «келісімшарт бойынша әскери қызметімді жалғастырамын» деген маңызды шешімге келдім. Өз өмірімді әскермен байланыстырып, жауапкершілік алу — үлкен абырой. Мен елімнің

тыныштығын қорғап, әскери борышымды адал атқаруға дайынмын.

Өзіме нық сенімдімін. Болашағымды тек әскери форма киген, тәртіпке бағынған, ел үшін қызмет ететін адам ретінде көремін. Командирлерім маған үлкен мотивация берді. Мен де солар сияқты өз ісіне адал, үлгілі әскери қызметші болғым келеді.

Осында өткізген әрбір күн мені шыңдап, өмірлік мақсатымды айқындап берді. Отан қорғап, елге қызмет етуді екінің бірі тандай бермейді. Бұл — менің мақсатым, менің өмірлік миссиям болмақ.



Ефрейтор Шыңғысхан ҚАНАТ

НАҒЫЗ ЕР АЗАМАТ БОЛУДЫ ҮЙРЕНДІМ

Мен ефрейтор Кәрімов Темірлан Серікбайұлы, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери борышымды өтеп жүрмін.



Әскерге келген алғашқы күннен бастап өмірім түбегейлі өзгерді десем артық айтқаным емес. Мұнда әр минут тәртіп пен жауапкершілікке үйретеді. Таңғы жаттығулар, саптық дайындық, атыс жаттығулары — бәрі де мені физикалық және рухани тұрғыда шыңдап келеді.

Әскердегі алғашқы күндер маған қиын болды. Үйді, отбасымды, достарымды сағынып жүрдім. Бірақ уақыт өте келе үйрене бастадым, нағыз ер-азамат сабырлы, төзімді және батыл болуы керек екенін түсіндім. Офицерлер мен сержанттар бізге тек әскери білім ғана емес, сонымен қатар өмір мектебін де үйретті. Әрбір тапсырма — бұл тәжірибе, әрбір күн — жаңа сабақ.

Мен қаруды дұрыс қолдануды, тактикалық тұрғыдан ойлауды және топпен бірлесе жұмыс істеуді үйрендім. Ең бастысы, елге деген сүйіспеншілік пен патриотизмнің не екенін ұғына түстім. Отанды қорғау — бұл тек міндет емес, бұл — үлкен абырой мен сенім.

Әскер маған тәртіпті болуды, уақытты қадірлеуді, достық пен бауырластықтың құнын түсінуді үйретті. Біз бір-бірімізге сенуді,

қиын сәттерде демеу болуды үйрендік. Осы бірліктің арқасында біз кез келген тапсырманы орындауға дайынбыз.

Қазір мен физикалық және психологиялық тұрғыдан өзімді мықты, жауапкершілігі жоғары адам ретінде сезінемін. Әскер — мен үшін өмірдің ең маңызды кезеңдерінің бірі болды. Осы жерде алған тәжірибем болашақта маған үлкен пайдасын тигізері анық.

Сөз соңында анама деген сағынышымды сіздер арқылы жеткізгім келеді.

Қымбатты анашым!

Сізге осы жолдарды алғыс пен сағыныш сезімімен жазып отырмын. Уақыт зулап өтіп жатыр, ал менің әскердегі уақытым да өз мәресіне жақындап келеді. Енді аз ғана күндер қалды — жақында сіздің жаныңызда боламын.

Сізді қатты сағындым, анашым. Әскери ортада шыңдалдым, нағыз ер-азамат болуды үйрендім. Енді сіздің үмітіңізді ақтаймын. Әрбір таңда сіздің даусыңызды, жылы сөзіңізді, мейірімді көзіңізді еске аламын. Сіз мен үшін әрдайым күш-қуат пен сабырдың үлгісісіз. Мен мұнда өзімді ақтайтын, жауапты және мықты ұлыңыз ретінде ораламын.

Уайымдамаңыз, менде бәрі жақсы. Қызметім ойдағыдай өтіп жатыр. Қалған аз уақытты абыроймен өткізіп, туған үйімнің табалдырығын сағынышпен аттайтын күнге асығып жүрмін.

Сізге деген сүйіспеншілікпен, Сіздің ұлыңыз Темірлан КӘРІМОВ

НЕБО СТРАНЫ В НАДЕЖНЫХ РУКАХ

Я рядовой Шевченко Роман Павлович, родом из города Павлодара. В настоящее время прохожу срочную службу в войсковой части 31767 в селе Курчум.

В своем письме хочу передать привет своей семье. Привет мама, папа, бабушка, брат, как у вас дела? У меня все отлично. Очень нравится служба в ПВО СВО ВС РК, горжусь тем, что служу именно в этих войсках. По распределению меня закрепили в отделении группы связи на должность «радиотелеграфист», после месяца обучения я начал заступать на боевое дежурство и очень горжусь этим.

Хочется сказать, что тишина и покой родного дома - вот о чем мечтает солдат, находясь вдали от дома, от близких. Служба в армии - это не только физическая подготовка и выполнение поставленных задач, но и внутреннее испытание, проверка на выносливость, терпение и веру в то, что ты вернешься домой.

Письмо, написанное солдатом, всегда наполнено теплом, надеждой и верой в лучшее. Привет мой дом, мое любимое место, где каждое утро начинается с запаха свежесваренного кофе, а вечер с теплого семейного ужина. Я соскучился по этому уюту, по шуму улицы, по нашему двору, который всегда кажется

таким родным и неповторимым. Здесь, в армии, я начал понимать, как важно для меня каждое мгновение, которое я провожу дома, с вами, моими близкими. Вдали от родных чувствуешь, как сильно они нужны, как хочется вернуться к тем привычным вещам, которые до службы казались такими обыденными.

Служба научила меня ценить моменты тишины, когда нет необходимости быть всегда настороже. Здесь часто кажется, что дни становятся однообразными, но в этом однообразии я всегда нахожу силы думать о вас. Знаете, каждый разговор с товарищами, каждая встреча с кем-то из старших - это не просто обмен опытом, это еще и разговор о том, как мы все ждем возвращения домой. Мы вспоминаем родные лица, любимые места, наши привычки и радости, которые будут с нами после окончания службы. Каждый день, который я провожу вдали от вас, приближает меня к долгожданной встрече. И я знаю, что этот день скоро наступит. Я знаю, что дома меня ждут, что там, где я родился и вырос, всегда есть место для меня. Дом для солдата - это не просто место, где он живет. Это источник силы, место, где он чувствует себя защищенным, где его ждут и любят. Именно домой он стремится, несмотря на любые преграды и трудности, несмотря на тяжелые дни.

И вот, наконец, когда служба закончится, я смогу сказать: «Привет, родной дом!». Я вернусь в свои родные края, и все будет как прежде, но с теми воспоминаниями, которые я увезу с собой. Эти воспоминания, переживания и мысли о доме - вот что дает мне силы выдерживать любые испытания.

Не переживайте, у меня все в порядке. Мечтаю о том моменте, когда снова буду рядом с вами. Берегите себя и помните, что я всегда с вами и скоро буду рядом, и каждый день, проведенный вместе, станет для меня самой ценной наградой.

С уважением рядовой Роман ШЕВЧЕНКО





НА СТРАЖЕ ВОЕННОЙ МЫСЛИ

День военно-научного работника и военного педагога в Казахстане отмечается ежегодно 24 ноября. Эта дата определена приказом министра обороны от 24 ноября 1997 года «О подготовке научно-педагогических и научных кадров для Вооруженных Сил» и символизирует признание важности военной науки и военного образования для обороноспособности государства.

Военная наука всегда занимала значимое место в интеллектуальном развитии страны. С обретением Казахстаном независимости и созданием собственных Вооруженных Сил потребность в подготовке квалифицированных военно-научных и военно-педагогических кадров стала особенно актуальной. Именно Национальный университет обороны Республики Казахстан стал тем научно-образовательным центром, который за последние десятилетия не только сохранил преемственность лучших традиций военного образования, но и вывел военно-научную подготовку на качественно новый уровень.

Сегодня университет является ведущей научно-исследовательской платформой в системе военного образования страны. Здесь совершенствуются программы подготовки

офицеров, развивается военно-научная школа, укрепляется кадровый потенциал, активно внедряются современные методы анализа, моделирования и научного поиска. Благодаря целенаправленной работе профессорско-преподавательского состава и поддержке Министерства обороны возрастает научная активность, расширяется спектр исследований, создаются новые направления подготовки и проекты, отвечающие потребностям Вооруженных Сил.

Особое место в университете занимает военно-историческая наука. Военная история является фундаментом военного искусства, поскольку изучает реальные войны, операции, боевые действия и дает объективный опыт, на котором строятся выводы стратегии, оперативного искусства и тактики. Стратегия опирается



на анализ прошлых кампаний, оперативное искусство - на изучение хода операций, тактика - на разбор боев и действий подразделений.

Военная история показывает что обеспечивает успех на войне, а что приводит к поражению, выявляет закономерности, ошибки, удачные решения, роль тыла, вооружения и управления. Это не просто описание прошедших событий - это практический инструмент подготовки командиров, разработки уставов и совершенствования боевой подготовки.

Фундамент военно-исторической науки в Национальном университете обороны был создан Сайран Мухамеджановой, доктором исторических наук, профессором военных наук. Она является основателем кафедры военной истории и основателем собственной научной школы, которая была создана ею с нуля. Она сформировала научное направление там, где его не существовало: разработала учебные программы, научно-методическую базу, определила стандарты подготовки исследователей и создала полноценную научную среду. Сегодня среди ее учеников более тридцати докторов наук, большое число магистрантов

и исследователей. Она автор фундаментальных трудов и монографий по военной истории Казахстана.

Мне посчастливилось познакомиться с этим выдающимся ученым. Именно она доверила мне работу по теме Западного Казахстана в годы войны и фактически обозначила научный вектор моего исследования. Еще в 2013 году в своей программной статье о перспективах военно-исторической науки она первой на научном уровне поставила вопрос о необходимости пересмотра роли Западного Казахстана в Сталинградской битве и объективной оценки масштаба его вклада в Победу. Сформулированная ею научная позиция - о недостаточной разработанности темы и об искаженности представления о регионе как «глубоком тыле» - стала методологической отправной точкой моей работы.

В исследовании «Западный Казахстан как фронтовой тыл в период Сталинградской битвы» я обосновываю, что в 1942–1943 годах территория региона выполняла функции не стратегического «глубокого», а именно фронтового тыла трех фронтов - Сталинградского, Юго-Западного и Донского.

На основе анализа архивных материалов ЦАМО, документов Государственного Комитета обороны и региональных фондов мной установлено, что на территории Западного Казахстана были развернуты ключевые элементы оперативного тыла: тыловые части, склады материально-технических средств, эвакуационные и госпитальные учреждения, узлы противовоздушной обороны, формирования специальных войск и структуры обеспечения. Единственная устойчивая коммуникация снабжения фронтов - железнодорожная линия Уральск - Урбах - Джаныбек - Сайхин - Шунгай - обеспечивала непрерывный подвоз горючего, боеприпасов и материальных средств.

МЕДИЦИНА ФРОНТОВОГО ТЫЛА

С 1942 года в Западном Казахстане была сформирована и функционировала в течение всего периода Сталинградской битвы разветвленная система эвакуационных госпиталей, ставшая одним из ключевых элементов фронтового тыла. В этот период количество госпиталей в регионе возросло до тридцати, что свидетельствует о масштабной мобилизации медицинских и





материальных ресурсов.

В начальный этап войны Западный Казахстан вступил одним из важнейших тыловых регионов, обеспечивавших прием и лечение раненых военнослужащих Красной Армии. Уже к осени 1941 года здесь была сформирована устойчивая сеть госпитальных учреждений, включавшая восемь эвакуогоспиталей: пять - в городе Уральске и три - в городе Гурьеве. В ходе Сталинградской битвы значение Западного Казахстана как медицинской базы значительно возросло. На основании распоряжения Государственного Комитета обороны СССР № ГКО-1236 от 3 февраля 1942 года в регион была проведена масштабная эвакуация фронтовых госпиталей и раненых.

Для повышения эффективности управления медицинской сетью приказом № 132 от 1 мая 1942 года по Гурьевскому областному отделу здравоохранения был создан Госпитальный совет, в который вошли руководящие специалисты здравоохранения и

Местные исполнительные органы в кратчайшие сроки обеспечивали выделение помещений, жилье для медперсонала и подвоз необходимых материалов. Несмотря на ограниченные ресурсы, система тылового здравоохранения региона функционировала стабильно и обеспечивала прием большого числа раненых из прифронтовых территорий.

Особое внимание уделялось вопросам снабжения госпиталей строительными материалами, продовольствием и кровью. По решению Военного совета Сталинградского фронта поселок Джаныбек выделил 300 м лесоматериалов, а в Уральске в ноябре 1942 года была развернута Сталинградская станция переливания крови, ежедневно заготавливавшая до 75 литров консервированной крови. Продовольственное снабжение осуществлялось за счет 23 близлежащих колхозов, а коллективы предприятий и учебных заведений региона оказывали шефскую помощь медицинским учреждениям.



начальники эвакуогоспиталей. Создание данного органа способствовало централизации руководства, улучшению контроля за лечебным процессом, рациональному распределению кадров и медицинских ресурсов.

Размещение госпиталей осуществлялось преимущественно в приспособленных зданиях школ, домов культуры, клубов и общежитий.



Значительный вклад в развитие госпитальной службы внесли медицинские кадры. Особо отличился главный хирург Гурьевской



области Ахмет Джумашевич Сундетов, под руководством которого через госпитали прошло свыше семи тысяч фронтовиков. Важную поддержку оказывали преподаватели и студенты Уральского педагогического института, принимавшие участие в уходе за ранеными и организации культурно-просветительской работы.

Таким образом, создание и функционирование системы эвакуогоспиталей в Западном Казахстане в годы Великой Отечественной войны стало примером эффективной мобилизации региональных ресурсов тыла, обеспечившей лечение тысяч раненых и внесшей весомый вклад в укрепление медицинского потенциала фронта.

БОРЬБА С АВИАЦИЕЙ ПРОТИВНИКА

